




## ДУМАНДЫ ҚАЛА ДИДАРЫ

5-БЕТ | АСТАНА – 25

## АЗАТ РУХ АЙБАРЫ

6-БЕТ



11-19 шілде аралығында Астанада елорданың 25 жылдығына арналған шахмат фестивалі өтеді. Бұл жарысқа әлемнің 16 елінен 800-ден аса шахматшы қатысады. «Астана жұлдыздары» халықаралық шахмат фестивалін өткізу жөніндегі бастаманы халықаралық гроссмейстер, әлем чемпионы Динара Сәдуақасова басқаратын Шахмат академиясы көтерді. Жарыстың жүлде қоры – 40 миллион теңге.



№81 (4514)

Сейсенбі  
11 шілде  
2023 жыл



# АСТАНА

ELORDA AQPAPAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астана күні елімізде 1000 сәби дүниеге келді. Ал елордада дәл осы күні 71 бала дүние есігін ашты.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, Астана күні елордада 71 сәби өмірге келген. Оның 42-сі – қыз, 29-ы ұл және арасында 1 егіздер бар.

Ал елімізде 1000 бала дүниеге келді. Оның 505-і – қыз және 495-і – ұл, оның ішінде 8 жұп егіз болды.

Жаңа туған нәрестелердің саны бойынша Түркістан облысы рекордқа ие болды, бұл өңірде бір тәулікте 146 сәби дүниеге келген.



Биылғы ҰБТ сынағында ең жоғарғы көрсеткіш – 137 балды 5 түлек жинаған. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев мәлім етті.

Биылғы ҰБТ электронды форматта 43 тестілеу орталығында «бір компьютер, екі камера, бір тестіленуші» қағидаты бойынша өтті. Емтихан тапсыруға 166 мың талапкер 305 мың өтініш білдірген. Олардың 162 мыңы ҰБТ-ның екі мүмкіндігін қоса есептегенде, 291 мың рет тапсырған.

Еліміз бойынша ең жоғарғы көрсеткіш – 137 балды 5 түлек жинаған. Ал 120 балдан жоғары алған түлектер саны – 2 868. Тест тапсыру тілі бойынша, түлектердің 75 пайызы – қазақ тілінде, 24 пайызы – орыс тілінде және 0,1 пайызы ағылшын тілінде тапсырған.

135 мыңға жуық талапкер шекті балл жинады.



## ЕЛОРДА КҮНІ – ЕЛ МЕРЕКЕСІ

Елорда күні мерекесі астаналықтар мен қала қонақтары үшін ұйымдастырылған айшықты іс-шаралармен есте қалды. Сонымен қатар құрылысы ұзаққа созылған кезекті тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Биыл 25 жылдығын атап өткен бас қаланың мерейлі тойында 100-ден аса саяси-әлеуметтік, рухани-қайырымдылық және мәдени-спорттық іс-шара ұйымдастырылды.

## ТУА САЛА – ЖСН

Ішкі істер министрлігінде балаларға туғаннан кейін бірден ЖСН беру бойынша жаңа пилоттық жоба іске қосылды.

Енді АХАТ жүйесі туу туралы медициналық куәлікті алғаннан кейін автоматты түрде баланың туу туралы актілік жазбасын жасайды, оның негізінде баланың ЖСН-і қалыптасады.

Бұл ата-аналардың жеке өтінішісіз-ақ бірқатар мемлекеттік қызметтерді көрсету тетігін автоматты түрде іске қосуға мүмкіндік береді.

Енді бала тууға және бала күтімі

бойынша жәрдемақы алу; жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді тағайындау және төлеу; бала 1,5 жасқа толғаннан кейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді алу жөніндегі қызметтерді алу үшін қандай да бір органдарға арнайы жүгінудің қажеті болмайды.

«Қазгидромет» ұсынған мәлімет бойынша, 11-13 шілде аралығында республиканың басым бөлігінде 43 градусқа дейін аптап ыстық болады.

Синоптиктер ең жоғары температура, атап айтқанда, 43°С-қа дейін ыстық Маңғыстау өңірінде болатынын болжаса, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Астанада 35-39 градусқа дейін ыстық болатынын айтады.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.97 \$ USD/KZT 448.13 ₰ RUB/KZT 5.01 ¥ CNY/KZT 61.85

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№81 (4514) 11/07/2023 Сейсенбі



## АСТАНА ХАБЫНЫҢ БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады. Кездесу барысында мемлекеттік қызмет саласындағы қазіргі үрдістер мен даму перспективалары талқыланды.

Президент Астана хабы мемлекеттік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша сараптамалық тұрғыда маңызды қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, билік өкілеттіктерін орталықсыздандыру және мемлекеттік органдар қызметіне жобалық әдісті белсенді енгізу

арқылы әкімшілік реформаны тиімді жүзеге асыру маңызды екенін айтты. Сонымен қатар кездесуде қоғамды одан әрі ұйыстыру, атап айтқанда, заң мен тәртіпті сақтау, кәсібилік және еңбек адамының рөлін арттыру секілді құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылды. Бұдан бөлек, Әлихан Байменов Президентке

Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының жұмысы туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ұлттық ойынымызды елімізде және шетелде одан әрі дәріптеу маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.

## ЕКІ ЖЫЛДА 369 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Мемлекет басшысының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штапта қолайлы оқу жағдайлары бар 1,5 млн оқушы орнын ашу мәселесі қаралды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев 2020-2022 жылдары елімізде түрлі қаржыландыру көздері есебінен 340 мың оқушыға арналған 626 мектеп пайдалануға берілгенін мәлімдеді. Оның айтуынша, биыл 130 мың балаға арналған тағы 146 мектеп ашу жоспарланып отыр, оның 62-сі сыбайлас жемқорлардан тәркіленген қаражат есебінен салынбақ.

Министр Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру басталғанын мәлім етті. «Оның аясында 2024-2025 жылдары 740 мың оқушыны қамтитын жаңа форматтағы 369 мектеп салынады. Бұл оқушы саны тым көп сыныптар, апаттық мектептер және үш ауысыммен оқыту мәселесін түпкілікті шешуге мүмкіндік береді» деді Ғ.Бейсембаев.

Ұлттық жобаны іске асыру туралы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басшысы Нұрлан Жақыпов пен «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басшысы Маулен Айманбетов баяндама жасады. Жайлы мектептерді жобалау және сараптамадан өткізу туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің орынбасары Азамат Бейіспеков, интернет-желілерді



жүргізу туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин баяндады.

Әлихан Смайылов сапалы интернетсіз жайлы мектептер өз атауына сай болмайтынын атап айтты. «Тапсыру кезінде жаңа мектептер сапалы интернет байланысына қосылуы тиіс» деді Премьер-министр. Жайлы мектептерде еңбек ететін білікті мұғалімдерді даярлау туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйледі. Жалпы, оның айтуынша, алдағы жылдары жақсартылған стандарттар бойынша жаңа формациядағы 49 мың педагог даярлау жоспарланып отыр.

Үкімет басшысы жаңа білім ордалары тек жаратқанды-

ру бойынша ғана емес, сондай-ақ білім сапасы бойынша да мықты болуға тиіс екенін атап өтті. Жайлы мектептерге қойылатын талаптар мен азаматтардың оларға қатысты үмігі көп, сондықтан онда сапалы кадрларды жұмысқа алу мәселесіне барынша назар аудару қажет. Себебі мектеп дегеніміз – жай ғана ғимарат емес, ең алдымен, балаларды білімге жетелейтін мұғалім» деді Әлихан Смайылов.

Оқу-ағарту министрлігіне ұлттық жобаның іске асырылу барысына күнделікті бақылау жүргізу, проблемалық мәселелерді және оларды шешу жолдарын көрсете отырып, атқарылып жатқан жұмыс туралы Үкіметке ай сайын хабарлап отыру тапсырылды.

## САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевті Өзбекстан Республикасының Президенті сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы дауыс беру қорытындысы елді орнықты дамытуға, оның тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуге

бағытталған Өзбекстан Президенті ұстанымының жалпыхалықтық қолдауға ие болғанын айқын көрсетеді деп атап өтті.

Әңгімелесу барысында Президент қазақ-өзбек қатынастарын стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында одан

әрі нығайтуға ниетті екенін растады. Мемлекет басшылары бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты жүзеге асыру мәселелері жөнінде пікір алмасты және алдағы екіжақты іс-шаралар кестесін қарастырды.

## КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШ

Елорда күні мерекесінде құрылысы ұзаққа созылған кезекті тұрғын үй кешені пайдалануға берілді.

«Жылдар бойы құрылысы тоқтап тұрған нысанды аяқтадық. «Тұран Сығанақ» тұрғын үй кешенінің құрылысы сонау 2014 жылы басталған. Үлескерлер 9 жылдан кейін барып баспананың кілтін алды.

Нысан қабылданған кезде кейбір блоктарының құрылысы тіпті басталмаған да еді. Үлкен

жүйелі жұмыс жүргізілді. Осылайша, 330-дан астам үлескер отбасының проблемасы шешілді. Мұнда «Тұран Сығанақ» тұрғын үй кешенінің тұрғындарынан бөлек, құрылысы ұзаққа созылған өзге де нысандардың үлескерлері баспаналы болды.

Биыл құрылысы ұзаққа созылған 30-дан астам тұрғын үй

кешенін аяқтаймыз. Әр үйдің өзіне тән күрделі тарихы бар, дегенмен әрқайсысы бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары бар. Осылайша, 4 мыңға жуық үлескер-отбасының проблемасын шешеміз» деп жазды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік парақшасында.

## ҮЛЕСКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек үлестік құрылысқа қатысушылармен және құрылыс салушылармен кездесті.

Бұл жолы қала басшысының үлескерлермен болған кездесуіне ҚР Мәжілісінің және қалалық мәслихаттың депутаттары, прокуратураның, экономикалық тергеу департаментінің, полиция департаментінің, жауапты мемлекеттік органдардың және т.б. өкілдері қатысты.

– Үлестік құрылысқа қатысушылармен және құрылыс салушылармен кездестім. Мәселен, олардың қатарында «Сапсан», «Қазанат 2», «София», «Diana», «R-club», «R-club Deluxe», «Arai apartments», «Әскер 1 және 2», «Ақтау сити», «Оазис» тұрғын үй кешендері бар. Бұл үйлердің шешілмей тұрған бірқатар қиындықтары: жұмыс кестесінен кешігу, рұқсат құжаттарының толық тізімінің болмауы, қаржыландырудың жетіспеушілігі және т.б. бар.

Құрылыс салушыларға құрылыс жұмысын жандандыру, құжаттаманы ретке келтіру міндеттері жүктелді, – деді Ж.Қасымбек.



Заң талаптар орындалмаса, іс сотқа жіберіледі. Бұл ретте құрылыс компаниялары заңнамада көзделген қатаң талаптарға сай белгілі бір жағдайларда ғана үлескерлердің қаражатын қабылдай алады.

– Мәселен, тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу, екінші деңгейлі банктің жобасына қатысу және тұрғын үйдің қаңқасын тұрғызғаннан кейін ғана үлескерлердің ақшасын қабыл-

дауға болады. Сол сияқты қала тұрғындарын ақпараттандыру және заңның бұзылуына жол бермеу мақсатында әкімдіктің ресми ресурстарында және БАҚ-та үлескерлердің қаражатын қабылдайтын заңды құқығы жоқ құрылыс салушылардың «қара тізімі» жүйелі түрде жарияланады. Бас қаладағы құрылысы ұзаққа созылған үйлердің проблемасын бірлесе бақылауда ұстайтын боламыз, – деді елорда әкімі.

## ҚАЗАҚСТАН – КӨШБАСШЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясы (UNCTAD) 2022 жылғы Дүниежүзілік инвестиция есебін жариялады. Соңғы 5 жылда Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағыны рекордтық 6,1 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 83%-ға көп.

Посткеңестік кеңістікте Қазақстан тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағыны бойынша бірінші орында тұр. Одан кейінгі орындарда Өзбекстан – \$2,5 млрд, Литва – \$2,2 млрд, Грузия – \$2 млрд, Беларусь – \$1,6 млрд, Латвия

– \$1,5 млрд, Эстония – \$1,2 млрд, Түркіменстан – \$936 млн, Украина – \$848 млн, Молдова – \$587 млн, Армения – \$366 млн, Қырғызстан – \$291 млн, Тәжікстан – \$174 млн. Рейтингтің аутсайдерлері Әзербайжан мен Ресей, олар сәйкесінше \$1,7

млрд және \$18,7 млрд нәтиже көрсетті.

Жалпы алғанда, Орталық Азияға таза тікелей шетелдік инвестициялар ағыны 39%-ға өсіп, 10 млрд АҚШ долларын құрады, оның 61%-ы Қазақстанға келген.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**АҚШ-тың Нью-Йорк штатын су басты. Осыған орай штатта төтенше жағдай жарияланды.**

Солтүстіктегі Ориндж округінде адамдар тізеден келетін су кешіп жүр. Күн райының қолайсыздығынан ондаған үй мен бірнеше көлік бүлінді. Инфрақұрылым бұзылып, күре жолдар су астында қалды. Ұлттық метеорология қызметі Ориндж, Патнэм және Рокленд округінің тұрғындарына алыс жолға шықпауға, сақ болуға шақырды. Егер қауіп күшейсе, жергілікті тұрғындар түгел эвакуацияланады.



**Түрікменстанда мемлекеттік төңкеріс жасамас болған.**

Елдің бұқаралық ақпарат құралдары Ашхабадта қарулы төңкеріс жасамас болғандар ұсталғанын мәлімдеді.

Маусым айында Түрікменстанның қауіпсіздік қызметі қарулы төңкеріс әрекетінің жолын кесіп, 20 түрікмен азаматын ұстады деп жазды Turkmen.pews бірнеше дереккөзге сілтеме жасап. Ақпарат көздерінің хабарлауынша, қарулы қастандық туралы ақпарат таралмауы үшін елде интернет бұғатталған.



**Ливанда алғаш рет күн батареясы арқылы жүретін электромобиль шығарылды.**

Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, бұл елдің көлік өндірісіндегі ең үлкен жаңалық болып отыр. Экономика және сауда министрлігі бұл көліктер ауаның ластануын азайтып, ел экономикасына жақсы қолдау болады деп мәлімдеді. Автокөліктің ерекшелігі – ол күн сәулесімен өздігінен қуаттанады. Электромобильдің жылдамдығы сағатына 200 шақырымға жетеді.



## МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАР МЕРЕЙІ

Адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы берекесі мен өнегесін дәріптеуге, отбасы институты мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық туры аяқталды.

Айгүл УАЙС

Осыдан он жыл бұрын басталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы үлгілі шаңырақ иелерінің рөлін арттырып, қоғамдағы әке-шеше мен балалардың қарым-қатынасының оң имиджін қалыптастыруда, некенің құндылықтарын насихаттаудағы ауқымды да мәнді шараға айналды. Арнайы комиссия мерейлі жылдың байқауына қатысқандар арасынан «Берекелі», «Қайсар», «Ұлағатты», «Салауатты», «Парасатты» тағы басқа да номинация бойынша лайықты отбасыларын таңдады.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен биылғы байқауға қатысқан 210 отбасының әрқайсысы құрметке лайық екенін айтты.

Елорданың 25 жылдық мерейтойы мерекесі аясында өтіп жатқан шара астаналық отбасының жақсы көрсеткіштерінің де қорытындысын шығаратын сәт екенін атап өтті. 25 жыл ішінде елорда төрінде екі жүз мыңдай шаңырақ көтеріліп, 450 мыңнан астам астаналық сәби дүниеге келген. «Әрбір азаматтың адамгершілік болмысын қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Әке-шешесінің, ата-әжесінің тәрбиесін көріп, үлкендерден тағылым алып өскен бала есейгенде отаншыл, білімпаз, еңбекқор азаматқа айналады. Берекелі әрі бақытты отбасы – қуатты елдің тірегі. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев-

тың сөзін келтірген қала әкімінің орынбасары қала көлемінде жасалып жатқан әлеуметтік жобалардың бәрі халық игілігіне арналғанын айтты.

Астаналық отбасының бүгінгі келбетін айтсақ, негізінен, көпбалалы, ата-анасы мемлекеттік немесе квазимемлекеттік ұжымдарда, құрылыс компанияларында жұмыс істейді. Балалардың он пайызы – ата-әжелерімен бірге тұрып жатқан жанұя. Әрі қоғамның белсенді мүшелері. Барлық балалардың талабы таудай, түрлі спорт үйірмелеріне қатысып, өнері мен білімін қатар шыңдап жүрген мектеп оқушылары озаттар қатарында.

Осы жолы Нұрғалиевтер, Рахметовтер, Шайдаровтар, Мавлановтар, Молдабаевтар әулеті қатарынан озып шығып, марапатқа ие болды. Ал I орын иегері Сәдуақасовтар республикалық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысатын болады. Отбасылық мерекеді еліміздің өнер қайраткерлері қатысып, Есіл өзенінің жағалауын ән-жырға бөлеп, отбасының шуағын еселендіре түсті.

## БАЙҚОҢЫР АУДАНЫНЫҢ БЕЛЕСІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда Астана қаласының 25 жылдығы мен Байқоңыр ауданының 5 жылдығына орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Салтанатты шараға Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев, қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов және қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Елорданың ең жас ауданында бес жылда атқарылған шаруа аз емес. Тұрғындар саны да күн санап өсіп келеді. Оларды жарықпен, сумен, жылумен, газбен қамтамасыз етуде іркіліс жоқ. Әсіресе, шет аймақты дамытуға барынша көңіл бөлінуде. Инфрақұрылымды қалпына келтіру және дамыту, экономикалық әлеуетті арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешу, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған

ауқымды істерге тоқтала келе, аудан әкімі алдағы жоспарларымен бөлісті. Мерекелік іс-шара барысында Астана қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов аудандағы көпбалалы бір топ анаға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерін табыстаса, Байқоңыр ауданының бірінші әкімі, қазіргі таңда Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов ауданның дамуына сүбелі үлес қосқан белсенді азаматтарға қала әкімінің Алғыс хаттарын тапсырды. Сондай-ақ үздік сала мамандары Байқоңыр ауданы әкімінің Алғыс хаттарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.



**Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық мақсаттарын орындауға енді роботтар көмектеседі. Олардың кейбірі адамнан аумайды.**

Женевада ұйымның технологиялық агенттігі конференция ұйымдастырып, роботтар әлеуетін паш етті. Оның қатарында қариялармен ойын ойнай алатын, адамдардың эмоциясын қайталайтын, есімдерді есіне сақтайтын түрлі роботтар бар. БҰҰ бұған дейін аштыққа жақын аймақтарды анықтау үшін жасанды интелекті қолданған еді.



**Грузияда шарапты теңіз түбінде сақтайды.**

Жүзім шырынынан вино әзірлеу – Грузия мәдениетінің бір бөлігіне айналған кәсіп. Ал оның ерекшелігі – квеври деп аталатын саз ыдыстың пайдаланылуында. Әдетте вино толтырылған квеври жер астына көмілетін. Ал жуырда мұндай саз бөтелкелерді теңіз түбінде сақтау идеясы қолға алынды. Зураб Қумсиашвилидің айтуынша, су астындағы шарапты сақтау үшін табиғи саз ыдыс басқа ешбір елде пайдаланылмайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімінің саптық алаңында 700-ден астам сарбаз әскери ант қабылдады.

## САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Салтанатты рәсімге Ұлттық ұлан ардагерлері, елордалық полиция департаментінің басшылығы, сондай-ақ сарбаздардың ата-аналары мен жақындары қатысты.

– Жас сарбаздардың әскери ант қабылдаған сәті – біз үшін ең маңызды күндердің бірі. Бұл қуанышты күй әсіресе жадта сақталады. Естеріңізде болсын, сіздердің міндеттеріңіз – Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының даңқты дәстүрлерін абыроймен жалғастыру, – деді 5573 әскери бөлімінің командирі полковник Аян Есжанов.

ҚР Ұлттық ұланының баспасөз қызметінен хабарлағандай, елорда

күні 2023 жылғы әскерге шақырылған 700-ден астам сарбаз Отан алдында әскери ант қабылдады.

– Әскери ант әр азаматтың жан дүниесінде мәңгі қалады. Өйткені бұл – тек нағыз жігіттер ғана көтере алатын үлкен жауапкершілік. Әскери ант қабылдаған азамат кез келген уақытта және кез келген жаста Отанды қорғауға дайын, – деді Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы генерал-майор Қалиақпар Тоқушев.

Осылайша, Отан алдындағы қызметке келген және жас жауынгер курсынан өткен сарбаздар елдің басқа қорғаушыларымен бір қатарға тұрды.



## ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Елордада ереуілге шыққан «Яндекс» компаниясының курьерлері жол қозғалысына кедергі келтіргені үшін жауапкершілікке тартылды. Бұл жөнінде Астана қаласының полиция департаменті мәлім етті.

«9 шілде күні сағат 21:00 шамасында ЕХРО аумағында «Яндекс» компаниясының курьерлері еңбек жағдайына наразылықтарын білдіріп, жиналды. Кейін жастар Қабанбай батыр даңғылындағы «Қазақстандық күн» монументіне скутерлермен барды. Олар жол қозғалысына айтарлықтай кедергі келтіргені үшін

полиция қызметкерлері оларды тоқтатып, жағдайды анықтады. Әрі қарай талқылау үшін Есіл ауданының полиция басқармасына жеткізілді» деп мәлімдеді қалалық Полиция департаменті.

Ереуілге шыққан курьерлер ҚР ӘҚБтК 615-бабы 1-тармағы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

## СЫҒАНАҚ КӨШЕСІ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

Астанада LRT құрылысына байланысты Сығанақ көшесінің бір бөлігі уақытша жабылады.

«Елордадағы Сығанақ көшесінің учаскесі 10 шілдеден 15 тамызға дейін жабылады. Бұл аумақта атап айтқанда, Сығанақ көшесінің бойындағы Министрліктер үйі мен «Қазақстан» ОКЗ аудандарында инженерлік желілерді қайта құру жұмыстары, LRT желісі құрылысының дайындық

жұмыстары жүргізіледі» деп хабарлады елордалық СТС компаниясы.

Осыған байланысты 10 шілдеден 15 тамызға дейін Есіл өзені арқылы өтетін көпір ауданындағы Сығанақ көшесінен «Қазақстан» ОКЗ және Министрліктер үйіне қарай автокөлік қозғалысына ішінара шектеу енгізіледі.



## ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДАНЫ ЖЫРЛАДЫ

Астана қаласының 25 жылдығы мен Байқоңыр ауданының 5 жылдығына орай «Еңсесі биік елорда, байрағы биік Байқоңыр» атауымен жас ақындар айтысы өтті. Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы мен Байқоңыр ауданы әкімдігі мұрындық болған жыр додасына барлығы 12 жас ақын қатысты.



Еңселі елорданың өткені мен бүгін, елдік мәртебенің маңызы мен мәнін жырға қосқан ақындардың өнеріне Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы, ақын, ғалым Серікзат Дүйсенғазин, Астана қаласы мәслихатының депутаты Ерлан Дөкенов, тарихшы Тұрар Сәттарқызы, айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты Жібек Болтанова төрелік етті.

«Сөз барымтасына» түскен ақындардың барлығы да жүлдесіз қалмады. Айтыстың қорытындысы бойынша бас жүлдені Нартай Тілеуқұл, бірінші орынды Мұхтар Қонарбаев иеленді. Екінші орынды Айым Асылбекқызы мен Нәрия Ақбабақызы, ал үшінші орынды Абзал Мақаш пен Дәурен Ысқақ бөлісті. Алты ақынға ынтыландыру сыйлықтары берілді.

## АҚБҰЛАҚ ЖАҒАЛАУЫ ШАҚЫРАДЫ

Елорда күніне орай «Алатау» спорт сарайының жанындағы алаңда Ақбұлақ өзенінің жағалауы салтанатты түрде ашылды.

Қонақтарға арнап концерттік бағдарлама ұйымдастырылды, ал аниматорлар кішкентай бүлдіршіндердің көңілін көтерді.

«Мұндай іс-шаралардың ашық аспан астында өткені керемет. Біз жақын жерде тұрамыз. Қала күн санап өзгеруде, көптеген қызықты іс-шараларға баруға болады» деп бөлісті астаналық Александра Феоктистова.

Іс-шарада кез келген адам өз тілегін білдіре алатын алғыс тақтасы қойылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл тақтайға үлкен де, кіші де алғысын білдіре алады.

«Маған Астанамыздың барынша көркейгені ұнайды. Елорда күні балалар мен



ересектерге ерекше көңіл-күй сыйлады, ал жағалау маңайы айтарлықтай өзгерді» деді өз сөзінде қала тұрғыны Арман Кеңесов.

Сондай-ақ Байқоңыр ауданында өткен іс-шарада меценаттар әлеуметтік осал топтардың балаларына ма-

усымдық киім сатып алуға сертификаттар табыс етті.

Биыл Ақбұлақ өзенінің жағасында Амман көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейін асфальт төселді, балалар ойын алаңы мен workout-аймақтар, көпір астындағы жаяу жүргіншілер өткелі жабдықталды. Сондай-ақ мұнда 25-тен астам орындық пен қоқыс тастайтын жәшіктер, 20-дан астам жарықтандыру тірегі орнатылып, 90-нан астам ағаш отырғызылды.




## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТІ

Астана күніне орай Президент саябағының амфитеатрында ерекше балалардың қатысуымен қайырымдылық концертті өтті. Оған 55765 әскери бөлімі мен «Бақытты шаңырақ» қоғамдық орталығынан әскери қызметшілердің 20-дан астам баласы қатысты.

Тұрақты дамуды және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау және көмек көрсететін «Бақытты шаңырақ» қайырымдылық қорының төрағасы Ботагөз Сұлтанова қатысушыларды мерекемен құттықтап, оны

ұйымдастыруға қолдау көрсеткендерге алғысын білдірді.

– Біздің міндетіміз – балаларды қоғамға бейімдеу, олардың шығармашылық мүмкіндігін ашу. Концертке қатысушыларға және олардың ата-анасына бізді қолдап, концертке келгені үшін ри-



зашылығымды білдіремін, – деді ол.

Әскери бөлім басшылығының атынан 55765 әскери бөлімі әйелдер кеңесінің төрайымы Жанар Рүстемова балаларға грамота мен естелік сыйлық табыс етті.

– Ерекше қамқорлық пен назар аударуды қажет ететін балаларға арналған шаралар біздің әскери бөлімде жақсы дәстүрге айналды. Елордамыздың көркейіп, гүлденуін және оның тұрғындарының бақытты өмір сүруін тілеймін, – деді Ж.Рүстемова.



Астанада Ailand отбасылық демалыс орталығының жанында жаңа аттракциондары бар саябақ ашылды. Іс-шараның құрметіне орай мерекелік концерт өтті.

## ЖАҢА САЯБАҚ АШЫЛДЫ

Саябақта өткеншектің неше түрлісі арқылы көңіл көтеруге болады. Сонымен қатар балалардың сумен ойнауына да мүмкіндік қарастырылған.

Аттракциондардың жанында демалуға және тамақтануға арналған көлеңкелі орындары бар жасыл аймақ орналасқан.

Нұра ауданы әкімінің орынбасары Сәрсенғали Ақжолов

аталмыш ойын-сауық алаңы елорданың 25 жылдығына орай ашылғанын айтты. Жиылған жұрттың алдында музыкалық ансамбльдер, шығармашылық студиялар интерактивті ойындар ұйымдастырылды.

Саябақ үш жастан асқан балаларға арналған. Жаз мезгілі аяқталғанға дейін күн сайын сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін жұмыс істейді.



## ДРОНДАР ШОУЫ

Астананың 25 жылдығына орай елорда тұрғындары мен қала қонақтары үшін дрондардың ерекше және бұрын-соңды болмаған шоуы ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік даңғылындағы «Қазақ елі» алаңында 22.30-да басталған дрондар шоуы елорда аспанын ерекше күйге бөледі.

Дрондар түнгі аспанда Астананың көрнекті нысандарын көрсетті. Шамамен 12 минутқа созылған мерекелік бағдарламаға 500 дрон қатысты.

– Елорда көгіне көтерілетін дрондар түрлі-түске боялған бейнелерді сомдап, түнгі аспанды жарқ-жүрқ еткен қойылыммен

көмкерді. Сондай-ақ дрондар жарық иллюминаторы арқылы елорданың әсем ғимараттарын көрсетті. Бұл мерекелік шоу маған қатты ұнады, – деді қала тұрғыны Абай Қадыр.

Дрондар шоуы демеушілік қаражат есебінен ұйымдастырылды. Жалпы, Астананың туған күнінде 25 000-нан астам адам Open Air мерекелік концертіне және Қазақ елі монументінің жанындағы дрондар шоуына қатысты.





## ӘСКЕРИЛЕРДІҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАРШЫ

Елорданың «Барыс Арена» мұз айдыны сарайында өткен I Халықаралық әскери-музыкалық фестивалінің гала-концертіне жеті мыңнан астам көрермен жиналды. Достық пен бейбіт қарым-қатынасты қалыптастыруға және қатысушы мемлекеттердің дәстүрлі мәдени мұрасын насихаттауға арналған мәдени шараға Әзербайжан, Үндістан, Қытай, Пәкістан, Ресей, Түркия, Өзбекстан және Жапонияның үздік әскери ұжымдары қатысты.

Айгүл УАИС

Үлкен концерттің басында Астанаға арналған «Мерейтойлық марш» өтті. Плац-концерт кезінде фестивалге қатысушы әр оркестрдің қойылымы кезінде сол елдің желбіреген туы мен оның көрікті жерлері ЛЭД-экранда көрсетілді. Фестивальге қатысқан елдердің барлық ұжымының өнерін астаналықтар мен қала тұрғындары жылы ықыласпен қабыл алды.

Әзербайжаннан келген Гейдар Әлиев атындағы Әскери институттың оркестрі, Үндістанның Әскери-әуе күштері оркестрінің музыканттары да өзіндік орындау ерекшелігімен және ұлттық киімдерімен де ерекше есте қалды. Жапониядан келген өзін-өзі қорғау теңіз күштері оркестрінің музыканттары бірнеше композицияларын орындап, тыңдаушылардың жүрегіне жол тапты.

Еліміздің Ұлттық ұланының



оркестрі көрермендерге Әділ Бестібаевтың «Жорға», «Алаш» тобының «Батырлар ұраны» және Ерболат Құдайбергеновтің «Мен қазақпын» шығармаларын тарту етті. Ресей Федерациясы Батыс әскери округі 23-әскери оркестрінің музыканттары соңғы нөмірде қазақтың халық әні «Қамажайды» орындап, қонақкәдесін көрсетті. Түр-


кия Республикасынан келген Ұлттық қорғаныс министрлігі «Мехтеран» әскери оркестрінің өнері көпті тамсандырды. Музыканттар ғасырлардың әскери келбетін келістіріп, көне сауыт-саймандарын жарқыратып, әскери марштарымен залды дүр сілкіндірді.

Өзбекстан Қорғаныс министрлігінің Орталық ән-би

ансамблі мен Орталық әскери оркестрінің орындауындағы өзбек халқы әуенінің әуезді ырғағы көпшіліктің есінде қалды. Фестивальге «Жас сарбаз» балалар студиясы, Қарулы күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Орталық ансамблі, біріккен хоры мен оркестр солистері қазақ өнерінің әлеуетін көрсетті.

## ДУМАНДЫ АСТАНА ДИДАРЫ

Астананың 25 жылдығына орай өткен мерекелік іс-шаралардан қаланың шет аймақтары тұрғындары да тыс қалмады. Белгілі әншілер мен елорданың Мәдениет басқармасына қарасты мекемелердің әртістері «Думанды Астана» концерттер сериясымен тұрғын алаптар халқының көңілін көтерді.



Осындай концерттер шаһардың бес ауданының тұрғын алаптарында ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Алматы ауданында «Промышленный» және «Интернациональный» елді мекендерінде, Байқоңыр ауданындағы «Кирпичный» мен «Өндірісте», Есіл ауданының «Пригородный» тұрғын алабында, Нұра ауданының «Жағалау» шағын ауданында,

ал Сарыарқа ауданындағы «Көктал» саябағы мен Орталық алаңда әндер әуеледі. Танымал әншілер Дос, Ұлықпан Жолдасов, Кенжебек Жанәбілов, Күләйім Қайырбаев, Бауыржан Исаев, Шахаризат Сейдахмет, Фарид Жолдасова, Перизат Тұрарова, Ақбота Құснадин, Райни Жұмашева секілді басқа да әншілер өнер көрсетті.



Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



## МУЗЫКАДАҒЫ АЛТЫН МҰРА

Бейбітшілік және келісім сарайында елорданың 25 жылдығына орай дәстүрлі орындаушылардың «Алтын мұра» мерекелік концерті өтті.

Концертте еліміздің әр өңірінен (Арқа, Сыр өңірі, Жетісу мектебі, Шығыс (Алтай-Тарбағатай), Батыс мектебі) келген Қазақстанның үздік дәстүрлі әншілері өз шеберлігін көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Мерекелік кеште халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты «Қорқыт» этноансамблі, «НасСак» этно-

фольклорлық тобы, «Шалқыма» халық би ансамблі, белгілі өнер қайраткерлері Алмас Алматов, Ардақ Балажанова, Елмұра Жаңаберген, Айгүл Қосанова, Медет Салықов, Айгүл Елшібаева, Қайрат Кәкімов, Астана қаласы Музыкалық жас көрермен театрының әртістері мен басқа да өнерпаздар өнер көрсетті.

## КІТАП МЕРЕКЕСІНІҢ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Астананың 25 жылдық мерейтой аясында ЭКСПО алаңында «Kitap Fest» фестивалі өтті. Кітап мерекесін елорданың орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ұйымдастырды.

Іс-шара шеңберінде қаламгерлермен кездесу, әртүрлі бағыттағы көрмелер, кітап инсталляциялары, букросинг, өлең оқу сайыстары ұйымдастырылып, кітапқұмар қауымға мыңға жуық кітап таратылды. Фестивальге Астанадағы Ресей елшілігі жанындағы «Орыс үйі», Үндістан елшілігі жанындағы үнді мәдени орталығы, «Польска Йедноска» ұйымының «Полоний» қоғамдық кітапханасы атсалысып, «Замандас 21» қоғамдық бірлестігінің мүшелері шеберлік сабақтарын өткізді. Оқушылардың арасында өткен «Еліміздің жүрегі – Астана» байқауының қорытындысы шығарылды.



«Менің қолтаңбам» атауымен өткен қаламгерлермен кездесудің бірі танымал ақын, аудармашы Танакөз Толқынқызымен ұйымдастырылды. Ақын өз өлеңдерін оқып, шығармашылығымен таныстырды. Оқырмандарға қолтаңба жазып берді. Ал жас жазушы Жәмила Бақтиярқызы «Бәйшешек» және «Қарлығаш» атты кітаптарының тұсаукесерін өткізді.



Еркін  
ҚЫДЫР

## КЕНЕСАРЫ – АЗАТ РУХ АЙБАРЫ

Қараөткелді Алаштың ортасы етуді көксеген Әлихан Бөкейхан бастаған арыстарымыздың арманы Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана шындыққа айналды. Елдің төрі оңтүстіктен ортаға ойысты. Қазақ заманауи шаһар салған ұлттар қатарына қосылды. Сол арқылы ұлтымыз өзгерді, түледі. Арқа төсіндегі елорданың тұсаукесері өткеніне де ширек ғасыр уақыт болды. Бұл көп емес, бірақ көз жүгіртіп бажайлай қарасаң аз да емес. Жел өтіндегі елорданың ширек ғасырдан бергі тұрғыны ретінде өзіміз үшін ерекше әсері бар жайттарға үңілуді жөн көрдік.



«2001 жылы 11 мамырда ерке Есілдің жағасында қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының ерекше еңселі ескерткіші бой көтерді» деп жазды шаһар шежірешісі «Астана ақшамы» басылды. Қайсар бабамыз 160 жылдай бұрын осы ескерткіштен қол созым жерде болған Ақмола бекінісін шауып алған еді, орыс патшасының зеңбірегіне қылышпен қарсы шабу оңай ма, ұстап тұра алмады. Жүздеген сарбазы іргедегі қорымда тыныстап жатыр. Енді, міне, біржарым ғасырдан соң ұлы баба бекініс орнын ат үстінде бақылап, айбар шашып тұр. Ескерткіш ашылу рәсімінде Мемлекеттік хатшы, абыз жазушы Әбіш Кекілбайұлы сөз сөйлеген екен.

Ал Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев рәсімге жиналған ақсақалдармен әңгімесінде «Басқа жұрт не десе о десін, Кенесары біздің ханымыз екені рас, тәуелсіздік жолында қасық қаны қалғанша күрескені хақ. Ендеше ешкімге жалтақтайтын жайымыз жоқ» депті. Қызылдар империясының тап жауы – патшамен алысып жүріп ғұмыры ат үстінде өткен Кенесарының атын атағаны үшін кешегі кеңестер заманында ғалымдар, жазушылар қатаң жазаланып, тіпті түрмеге кесіліп жатты. Міне, парадокс. Қызыл империя Кенесары ханның болмысында азаттық рухы жатқанын аңғарды-ау. Қазақстанның халық жазушысы, арқалы ақын Ғафу Қайырбеков «Кенесары –

қазақтың ең соңғы ханы, одан кейін хандық жүйесі құлап, отар елге айналған. Кенесары – қазақтың ең бақытсыз ханы, хандығының рахатын көрмей, азабын тартып өткен. Кенесары – қазақтың ең батыр ханы, басқаны қойып, алып империяның өзімен алысқан. Кенесары – халқының азаттығы үшін құрбан болған қазақтың ең сүйікті ханы» деп айтты. Күні кеше Кенесары ханның құран кітабы елорда төрінде тұрсын деп мұфтиятқа

Алтай Көлтүнов бауырыма осы ескерткіш туралы айтып едім. Іздетіп көрейін деп еді, таппады-ау. Таппай жүрген, тапсақ та қадіріне жетпей жүрген рухани байлығымыз қаншама...

Ескерткішіне қарап елін таны дейді ғой, елордада көрген адам таңырқап, керемет әсер алып, тұңғыш ойға беріліп, бас киімін қолына алатын дүние көп деп айта алмаймын. Ұлттық ерекшеліктерімізді, қазақы қасиет, қалпымызды, мақтан етер өткенімізді тас тілімен бейнелей алсақ, сөйлете алсақ, көрсете алсақ қандай керемет?! Өкінішке қарай, бұл салада керемет жетістік жоқ, ортақол дүниелер басым. Өзіміздің мүмкіндік пен шама-шарқымыз жетпесе атақты архитектор Норман Фостер деңгейлес арнайы мамандарды неге додаға қоспасақ?! Бұл, бәлкім, асығыс, тар ауқымда өткізілетін тендерлердің зардабы шығар, кім білсін? Кезекті мерейтойлар қарсаңында үлкен тұлғаларымызды жиналыстан жаңа шыққан сияқты бір үлгімен киіндіріп, тұғыртасқа тізіп қойып жатырмыз. Батырлардың аты мен қылышы да, тұрғысы да еш өзгермейді. Тіпті шаршы кілемде атой салып, қазақтың мерейін көтерген атақты палуан Жақсылық Үшкемпіровке стадион алдында тұрғызған ескерткішін ол кісі өмір бойы мемқызметкер болғандай сықитып галстук тағып қойған соң не дейсің?! Не айтасың сосын...

Римнің символына айналған көк бөріні емген ағайынды балалар бейнеленген ескерткіш ұзындығы бір метрге де жетпейді екен, көргенде таң қалдым. Соған қарағанда мәселе көлемде емес, көкірек көзімен көре білуде, көрсете білуде, жеткізе білуде шығар, кім білсін?!

### ЖУКОВКАДА – ЖУРНАЛИСТЕР АЛЛЕЯСЫ

Астана күні қарсаңында бас қалада Журналистер аллеясы ашылды. Аталмыш шараға шақы-

рылмасақ та, сонда орнатылған паннода отыз жылдан астам осы шаһар шежіресін қаттап келе жатқан «Астана ақшамы» газетінің аты жазылмай қалса да бұл оқиғаға қатты қуандық. Енді соның себебін айтайық. Бұл көше бұрын ғұлама Ломоносов есімін иеленген екен. Осы көшеде қоныстанған Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің екі қабатты ғимараты 1998 жылы Үкімет шешімімен елдің бас басылымы – «Егемен Қазақстан» газеті редакциясына берілді.

Бұл кезде Ақпарат министрі Алтынбек Сәрсенбайұлы, бас редактор Уәлихан Қалижанов болатын. Мен бас редактор орынбасары едім. Содан жөндеу жұмыстары басталып кетті. Күзге қарай бас редактор тізгінін Ержұман Смайыл ұстады да, мен бірінші орынбасар, Жанболат Аупбаев орынбасар қызметіне кірістік. Газеттің Астана филиалын басқарып, көшуге дайындықты жеделдету үшін шұғыл түрде бас қалаға қоныс аудардым. Арада үш-төрт ай өткенде редакция толық көшіп келді. Әрине, Алматыдан кейін Арқаның қысы кімге ұнай қойсын? Оның үстіне редакция маңына көз салсаң, көңіл құлазиды. Тың игеру басталғанда уақытша тұрғызылған екі қабатты ағаш барактар. Құжынаған сыйқасыз дәретханалар үй алдында сап құрап тұр.

Одан әрі іргетасы жерге сіңіп кеткен үйлер жанында жылу беретін алып құбырлар. Сол құбыр үстінде мәңгіп, өмірден күдерін үзіп, жылынып отырған үйсіз-күйсіз тағдырлар. Жуковка деп аталатын (Ломоносовқа қапталдас жатқан келесі көше ақын Жуковский атында екен, кейін Бейсекбаев болды) бұл аймақта айқай-шу, дау-дамай басыла қоймайды. Өйткені қалада түнде спиртті ішімдік пен есірткі сататын үйлер осында екен. Бұл өзі – шаһардың дәл кіндік тұсы, Абай мен Кенесары көшелерінің ортасында. Біз көшіп келген соң қазір аллеяға айналған гүлзарға фонарлар мен орындықтар қойылды. Ай сайын соның бәрі



қирап қалатын. Бұл жерге жарық түскенін, тәртіп орнағанын қаламайтындар көп еді ол кезде. Көз алдымызда біртіндеп өзгерді осы аймақ. Оның өзгеруіне Сауытбек Абдрахманов жетекшілік еткен «Егеменқазақстандықтар» да өзіндік үлкен үлес қосты. Қаламды уақытша қайлаға айыр-бастап журналистер қауымы да құрылысына айналды. Елуінші жылдары салынған редакция апатты жағдайға жеткен соң жаңа ғимарат тұрғызу әрекетіне кірістік. Сегіз қабатты ғимарат газеттің тоқсан жылдық мерейтойы қарсаңында пайдалануға берілді. Үнемделген қаржыға бас офис жанындағы ескі редакция ғимаратын сырып тастап, екі жатақхана тұрғыздық. Тоғыз қабатты «Егемен» тұрғын үй кешені де пайдалануға берілді. Пәтерсіз қызметкер қалған жоқ. Ломоносов «Егемен Қазақстан» газеті көшесіне айналды. Айнала өзгере бастады. Реновация бағдарламасына сәйкес барак үйлер бұзыла бастады. Арақ сататын үйлер көлік жөндейтін шағын шеберханаға айналды. Бұрынғы барактар орнында



Қалагерлер аллеясы салынып, алаш арыстарының ескерткіші қойылды. Енді, міне, соған қапталдасып Журналистер аллеясы ашылды. Кешегі Жуковканы көзі көргендер үшін бұл шынайы қуаныш емес пе? Өмірімізде осындай нақты өзгерістер болғаны, оған өзіңіз де азды-көпті үлес қосқаныңыз – бір мәртебе. Ендеше елмен, бас қаламен бірге біз де өзгере берейік, соңымызға бұрылып қарағанда өкінбейтін сәттер көп болса, қанеки...

### «ҚАЗАҚ» КӨШЕСІНЕН ҚАЗАҚСТАН АСТАНАСЫНА ДЕЙІН

Бас қалаға алғашқылар қатарында қоныс аударған бас газет ұжымы орналасып алған соң айналамен асықпай таныса бастадық. Редакция ғимаратынан таяқ тастам жерде, тіршілігі қыз-қыз қайнаған «Артем» базарының маңайында сиқы кеткен, қысқалау «Қазақ» деген көше бар екен. «Өзбек», «Ташкент» көшелерін көріп едік, мұны бауырлас көршілерге құрмет деп түсініп едік. Ойпырм-ай, қазақ жерінде, оның бас қаласында осындай көше бар екен-ау деп таңырқап, «Егемен Қазақстан» газетінің 1999 жылғы 11 қарашадағы нөмірінде мынадай жазба қалдырған екенбіз:

«Астананың қақ ортасында көріксіздеу жатаған үйлер тізілген «Қазақ» көшесімен жүрген сайын

қазақ жерінде «Қазақстаннан-сың ба? деген сауал естігендей (студент кезімізде Қостанай жеріне астық жинауға барғанда келімсектерден осындай сөз естіп, соны қырғын төбелеске ұласып, аурухана мен сотқа дейін жеткен едік) әрі-сәрі күй кешемін. Үндістердің өзі жойылып кетсе де солардың көзіндегі Патомак өзені Вашингтонды қақ жарып, сылдырай ағып жатқаны ойға оралады... «Қазақтың төңірегінде орыс, неміс не көріс көшесі деген атаудың көзге ұшыраспайтыны қыңжылтады. Шүкір, біз қазақтар бармыз, түгелміз ғой, мемлекетіміз де дін аман. (Әлде оның өзі бар болса да рухы өліп, намысы тапталды ма?) Ал біздің, қазақтардың құрметіне ескерткіш ретінде көше берудің қажеті бар ма еді, құзыры мықты мырзалар?! Әлде бұл көшені қызыл империяның көзіндегі сақтағысы келетіндер бар ма?..»

Бір емес қайта-қайта жазып жүріп, әлгі көшенің Шәкен Аймановқа ауысуына қол жеткіздік. Астана Арқаға көшпесе әлгі көше әлі тұрар ма еді кім білсін?! Астана Сарыарқа төсіне келмесе ширек ғасыр ішінде мұндағы жағдайына қарап анық бол-жайсың. Астана солтүстікке көш түземесе, қазақтың өсімі бұрынғыша Қызылорда мен Алматы арасындағы белдеуден аспай, сол өңірлерде әлеуметтік қиындықтар да өрши түсер еді. Астана елдің төріне қарай жылжымаса халықты біріктіретін, жұмылдыратын, құлшындыратын, үміттендіретін ұлттық идея да тумас еді. Сондықтан тәуелсіздік тұсындағы ең айшықты, тағдыршешті оқиғамыз – ежелгі

## ЖҮЙРІКТЕР АЛАМАНДА СЫНАЛДЫ

Астана қаласының 25 жылдығына орай «Қазанат» атшабарында бәйге түрлерінен республикалық турнир өтті.



Ашылу салтанатына Астана қаласының ұлттық және олимпиадалық ат спорт түрлері федерациясының басшысы Ерлан Каналимов, Ұлттық спорт қауымдастығының вице президенті – атқарушы директоры Тастанбек Есентаев, Бәйге федерациясының президенті Қанат Көпбаев қатысты.

Сәйгүліктер сайысына елдің 20 өңірінен 107 шабандоз қатысып, бәйгенің 4 түрі бойынша сынға түсті. Алдымен 7 шақырым бойынша құнан бәйгенің жүйрігі анықталды. Бұл сында мәреге Алматы облысының шабандозы Абзал Тұрғанбек бірінші келді. Топ бәйге бойынша (15 шақырым) Абзал Тұрмыс (Алматы облысы), жорға жарысында (7 шақырым) Сұңқар Қасымханов (ШҚО) баптаған сәйгүлік топ жарды. Ал 22 шақырымды құраған аламан бәйгеде бірінші орынды Ділнұр Нұрмұқаш (Алматы облысы) жеңіп алды.

Жарыстың жалпы қоры 30 миллион теңгені құрады. Аламан бәйгеде топ жарған шабандоз 5,5 миллион теңге сыйақымен марапатталды.

## АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН КОМАНДИРГЕ АРНАЛДЫ

Астанада Ауған соғысы ардагерлері ұйымдары арасында волейболдан VI республикалық жарыс өтті. Бұл жарыс аты аңызға айналған командир Борис Керімбаевтың 75 жылдығына арналды.

Ғалым  
ҚОЖАБЕКОВ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен жарысқа еліміздің бірнеше өңірінің және елордалық ардагерлер ұйымдары командалары қатысты. Жарыстың ашылу рәсімінде Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов сөз сөйлеп, елорда күні мерекесі аясында өтіп жатқан жарысқа қатысушы ардагерлерге өздерінің салауатты өмір салтын ұстанып, жастарға өнеге болып жүргендеріне ризашылығын білдірді.

– Астанада ардагерлерге қолдау көрсету ерекше маңызды саналады. Елордамызда ардагерлер қозғалысын қолдау бағытында бірқатар жобалар жүзеге асырылып отыр. Біздер үшін от пен оққа шарпылған майдангерлерге көмек көрсету бұлжымас парыз. Ауғанстан соғысы ұйымдары арасындағы республикалық жарыс осыған дейін басқа өңірлерде өтіп келген екен. Ал бізге астаналық ардагерлер ұйымынан дәстүрлі жарысты елордада өткізсек



деген ұсыныс түскенде бірден қолдадық. Бүгінгі жарысқа қатысушыларға зор денсаулық, ойында сәттілік тілеймін, – деді Дәурен Бабаұратов.

Жарысқа қатысушы ардагерлер ұйымдары атынан Шығыс Қазақстан облысының «Шығыс Шурави» командасының жетекшісі Қайрат Мусин жарысты ұйымдастырушыларға алғысын айтып, мұндай жарыстың «Қара майор» атымен аңызға айналған Ауғанстан соғысының батыры Борис Төкенұлы Керімбаевтың құрметіне арналғаны бір жағынан батырға деген тағзым болса, екінші жағынан еліміздегі ардагерлер ұйымдарының

патриоттық ұстанымын көрсететінін атап өтті.

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы жарыстың өтуіне жан-жақты техникалық қолдау білдірді. Басқарма тарапынан дипломдар, кубоктар, медальдар беріліп, төрешілер қызмет көрсетті. Елорданың №58 I Жансүгіров атындағы мектеп-гимназияның спорт кешенінде өткен жарыста жеңілгендер болған жоқ, өйткені бұл сайыс елдік пен ерлікке арналған жарыс болды.

Ал екі күнге жалғасқан жарыс қорытындысында Шығыс Қазақстан облысының ардагерлер ұйымы чемпион атанса, күміс жүлдені Павлодар облысы арда-

герлері иеленді. Ал үздік үштікті, алаң иелері – Астана қаласының «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігі командасы түйіндеді.

Жеңімпаз командаға ауыспалы кубок табысталды. Барлық жүлдегерге дипломдар, медальдар, сонымен қатар жарыста үздік деп танылған бірнеше ойыншыға номинациялар бойынша да сыйлықтар берілді.

Жарыстан кейін ардагерлерге арналып қонақасы берілді. Астаналық Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Мираңбек Тулекпаев барлық қатысушыға және жарысты ұйымдастыруға қолдау білдірген елорда әкімдігіне алғысын айтты.

Елорданың 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт кешенінде отырып ойнайтын волейболдан Азия чемпионаты өтті.

## ПАРИЖГЕ ЖОЛ АШҚАНДАР



Елімізде тұңғыш рет өткізілген бұл байрақты бәсекеге Азияның 15 құрама командасы қатысып, жоғары ойын өрнегін көрсетті. Дүбірлі доданың қатысушыларына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің арнаулы құттықтауын жолдады.

Бірнеше күнге созылған қызу тартысқа толы сайыста республикамыздың параволейболшылары ел намысын қолдан бермеді. Жапония, Корея, Қытай сияқты алпауыт елдердің командаларын жеңіп, 2024 жылы Францияның Париж қаласында өтетін Паралимпиада ойындарына лицензия алды. Бұл – командалық спорт түрлері арасында Отанымыздың тарихында алғаш рет қол жеткізілген үлкен жетістік.

Естеріңізге сала кетейік, Франция астанасы Парижде 2024 жылғы 28 тамыздан 8 қыркүйекке дейін 17-Паралимпиада ойындары өтеді.

Бұл олимпиада шеңберінде 182 мемлекеттен 4400-ге жуық спортшы қатысып, 549 медаль үшін күреседі.

Ойында спорттың 22 түрінен жарыс болады. Оның ішінде академиялық гребля, бадминтон, арбада отырғандар баскетболы, бочча, велоспорт (шоссэ трек), отырып ойнайтын волейбол бар.

Сондықтан еліміздің параволейболшыларының бұл жеңісін тарихи жеңіс деп айтсақ артық емес.

Осы орайда Қазақстанда отырып ойнайтын волейбол федерациясын құрып, оның халықаралық деңгейде танылған беделді құрылымға айналуына барынша күш салып, еңбек сіңіріп жүрген Мәжіліс депутаты, осы федерацияның президенті Дүйсенбай Тұрғановтың үлесі зор.

Жалпы, бірнеше күн бойы спорт кешенінде аталған ойындарды тікелей көріп, жігітеріміздің дене мүмкіншілігі шектеулі болса да, бүкіл күш-жігері мен қажыр-қайратын, барша ынтықсы мен ұмтылысын жеңіске жету жолына жұмсағанын, талай рет таразы басы ауытқыған сынды тұстарда босаңсымай, табандылық танытқанын байқап, қатты таңғалдым әрі ерекше сүйсіндім. Осы турнирден кейін келген тағы бір ой, ол – елімізде 500 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі азаматтардың арасында спортқа қызығатындарын ұйымдастырып, бейім бар спорт түрлеріне баулыса, мұндай жетістіктердің қатары көбейе берер еді, бұл ретте Мәдениет және спорт министрлігі осы мәселеге жете ден

қойып, қажетті жағдай жасаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Азия біріншілігінің жабылу салтанаты мен жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне Азия және Тынық мұхит елдері параволейбол федерациясының директоры Гленн Стюарт, аталған федерацияның президенті Лу Кайланг, Бүкіләлемдік параволейбол федерациясының атқарушы президенті Луис Эшкрофт, еліміздің бірнеше дүркін чемпионы «Буревестник» клубының президенті, генерал-лейтенант Амангелді Шабдарбаев, ҚР Ардагер волейболшылар федерациясының президенті, генерал Әсет Әділхан, ҚР отырып ойнайтын волейбол Паралимпиада комитетінің бас хатшысы Батыр Қадырбайұлы, спорт шебері Ержан Бердібеков, Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұрқенов қатысты. Алматы қаласынан осы жарысқа әдейі келген генерал Амангелді Шабдарбаев жеңімпаздарға «Буревестник» клубының спорттық формасын сыйға тартты және Қазақстан командасының үздік ойыншысы Жанғали Суесиневке ақшалай сыйлық берді.

Алайда Астананың төрінде өтіп жатқан, халықаралық маңызы бар, Мемлекет басшысы арнайы көңіл бөліп, ақ жол тілеген жарыста, оның үстіне мүмкіндігі шектеулі адамдар қатысып жатқан жарыста уәкілетті орган – Мәдениет және спорт министрлігінің бірде-бір қызметкері төбе көреспеді. Елордамызда күнде өте бермейтін мұндай мәртебелі шараны кеңінен жариялап, көпшілікке насихаттауға жауапты ақпарат құралдарының өкілдері де белсенділік таныта қоймады.

Әдетте, біз «бұқаралық спорт, салауатты өмір салты – ұлт саулығының кепілі» деп айтып жатамыз. Бірақ осындайда келіп, жігітеріміздің шашбауын көтеріп, жеңісімен құттықтап, арқасын қағып, алдағы жарыстарға жігерлендіріп қойсақ, оларға бұдан артық қолдау болмаса еді.

Еліміздің спортшыларына болашақта алдымызда тұрған Олимпиада, әлемдік жарыстарда жеңістерге жетіп, көк туымызды аспанға желбіретіп, әнұранымызды шаттықпен шырқата берулеріне тілектестік білдіреміз.

Ерсұлтан БЕКТҰРҒАНОВ,  
мемлекет және қоғам қайраткері,  
ҚР Ардагерлері волейбол федерациясының вице-президенті

## ТОЛАҒАЙЛАР ТАРТЫСЫ

Астана төрінде алғаш рет «Толағай» алыптар сайысы өтті. Ұлттық этно-ойындарды дәріптеу мақсатында өткізілген турнирге елдің әр өңірінен білегі мығым, жігері күшті 15 спортшы бақ сынады.

Іс-шараның ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Мәжіліс депутаттары Дәулет Тұрлыханов, Иса Қазыбек және «Толағай» алыптар сайысының авторы Темір Спатаев қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Толағай» алыптар сайысы – бұл салауатты өмір салтын насихаттайтын көпсайысты жоба. 2022 жылы Жетісу облысының Жаркент төрінде алғаш жүзеге асқан еді. Бүгінде турнирдің танымалдылығы артып, қатысуға ниет білдірушілер қатары көбейіп келеді» деді қала әкімінің орынбасары Есет Байкен.



Спортшылар 1,5 метр ұзындықтағы темірді мойынға салып майыстыру, салмағы 140 келілік тасты межелі қашықтыққа дейін жеткізіу, 100 келіден асатын ауыр бөренені желкеге салып отырып-тұру, жарты тонналық арбаны сүйреу, он келілік найзаны қашықтыққа лақтыру түрлері бойынша күш сынады.

Түркістан облысының намысын қорғаған Азамат Мақұлбековтің бабы келіп, бағы жанып, бас жүлдені олжалады. Сөйтіп, 1 миллион теңгеге сертификатын ұтып алды. Бес сайыста 122 ұпай жинаған Қонаев қаласының спортшысы Фаид Теңізбаев екінші орынға ие болып, 600 мың теңге алды. Ал 120 ұпаймен Шымкент қаласының тумасы Әділет Нұрғиса үшінші орынға тұрақтап, 400 000 теңге қаржылай сыйлық алды.

## «ҚЫЗ ЖІБЕК» МЮЗИКЛІ ҚОЙЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклінің премьерасын ұсынды. Классик қаламгер Фабит Мүсіреповтің либреттосы мен композитор Евгений Брусиловский музыкасын халық әндері мен күйлері, халық композиторларының шығармалары негізінде жазған туынды ұлттық операмыздың інжу-маржанына айналды. Асыл мұрамызды мюзиклге айналдырып, сахналаған – аталмыш театрдың жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров.



Шығармашылық топ операда орындалатын ариялар мен хорлар, күйлер мен билер ұлттық мұра болғандықтан, шырғасын бұзбай рухани та-

мырына қан жүгіртіп, халық аспаптар ансамблінің орындауына лайықтап қайтадан жазды. Музыканы ансамбльге өңдеген талантты музыкант

Бауыржан Ақтаев.

Халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тектілігі мен ұлттық болмысын сипаттайтын, қос ғашық Төлеген мен Қыз

Жібектің адал махаббатын арқау ететін туынды желісі Төлеген, Қыз Жібек, Бекежан секілді ұштаған бейнелердің арасында өтеді. Қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай, махаббаттың өміршең дастаны ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан шығарма көрерменге ұлтымыздың тамыры тереңде жатқан фольклоры мен этнографиясын, философиясы мен дүниетанымын, бай музыкалық мұрасы мен өмір сүру салтын біртұтас күйінде көрсетті.

Мюзиклге бірнеше актерлік құрам тартылған. Атап айтқанда, Қыз Жібекті Инабат Ризабекова, Мақпал Дүйсен, Жаная Әмірбекова, ал Төлегенді Оразалы Игілік, Саламат Мұқашев, Нұржас Садырбаев сомдайды. Бекежан бейнесінде Расул Усманов, Аққанат Қуандықов, Мақсат Қабдеш көрінеді. Шеге – Армат Амандықов, Мағжан Омар, Бақдәулет Оралов.

Көрермендер мюзиклді 22-23 шілде күндері де тамашалай алады.



## ЖАС ҚАЛАМГЕРГЕ – 500 МЫҢ ТЕҢГЕ

Астананың 25 жылдығына орай «Жастар» театрында «Үздік жас қаламгер» әдеби шарасы өтті. Бұл соның алдында ұйымдастырылған «Астана – шабыт арқауы» шарасының жалғасы болды. Осының алдында бас қалада тұратын аға буын 80 қаламгерге қала әкімдігінің қолдауымен 500 мың теңгеден тапсырылды. Ал бұл жолы 25 жас ақын-жазушыға осыншама сомада сыйақы берілді.

Аталмыш шараға Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы мұрындық болды, қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы қолдау көрсетті.

«Астанада тұратын 25 жастың қанатына дем беріп, талабын шыңдадық. Қала әкіміне, Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаровқа қаламгерлер атынан алғыс айтамын. Астана тарихында жас қаламгерлерге жасалған тұңғыш қамқорлық жылда жалғасын тапса деймін. Еліміздің байрақты байтағы жасай берсін!» дейді Дәулеткерей Кәпұлы.

Сертификатты жастарға Дәулеткерей Кәпұлының өзі, жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның бас директоры, Астана қаласы мәслихатының депутаты Ерлан Дәкенов тапсырды.

Бір айта кетерлігі, екі жыл бұрын Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының ұйытқы болуымен 50 жасқа дейінгі астаналық 30 қаламгердің кітабы жарық көрді. Бұл да қала әкімдігі қолдауының арқасында іске асты.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## ҚАЗАҚ ЖӘДІГЕРЛЕРІ – БИ ТІЛІНДЕ

Астана қаласының 25 жылдығына орай «Наз» мемлекеттік би театрының «Қазақ жәдігерлері» атты мерекелік концерті өтті.

Бұл қазақ халқының бағзы заманнан бері сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлт құндылығын хореография тілінде ұсынған ерекше формадағы қойылым-концерт би өнері арқылы ұлттық мәдениетті ұлықтау, эстетикаға, сұлулыққа баулу, ұлттық рухты көтеру мақсатында ұйымдас-

тырылды.

«Наз» мемлекеттік би театры елдің ордасы Астанаға көшкеннен кейін құрылды. Содан бері театр Астана қаласымен бірге дамып, рухани кемелденіп келеді.

Театр репертуарындағы қайталанбас қойылымдар мен концерт бағдарламалары

арқылы шетелдік көрермендер қазақ елінің музыкасы мен этнографиясын, фольклоры мен қазақ биі өнерінің ерекшелігін танып келе жатыр.

Концертте қазақтың салт-дәстүрін паш ететін «Тұсау-кесер», «Сүйінші», «Секіртпе», «Қайым айтты», «Көңілашар»

сынды ерекше қойылымдар, қазақ жігіттерінің батырлығын, өрлігін, қайсарлығын бейнелейтін «Тау ұлы» биі, қазақ қызының нәзіктігін, сұлулығын танытатын «Наз-бике», «Іңкәр сезім», «Аққу», «Серпін» билері көрерменге ұсынылды.

## БҮЛДІРШІНДЕРГЕ – ТАРТУ



Астаналық цирк бас қаланың 25 жылдық мерейтойына «Franke show» мерекелік бағдарламасын арнады.

Әуе гимнастары, акробаттар, үйретілген аңдар мен жануарлар, әлемнің ең үздік клоундары өнер көрсетіп, басқа да қызықты бағдарламалар төрт күн бойы жүрді. 600 адам қойылымдарды тегін тамашалады. Бұл қайырымдылық шарасы «Светоч» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, «Мүгедектердің жастар қоғамына», «Астана әлеуметтік технологиялар» мүгедектерге арналған оңалту орталығына, соғыс, еңбек ардагерлері, тыл еңбеккерлері және аз қамтылған зейнеткерлерге ұйымдастырылды. Шара Аманат партиясының «Бақытты отбасы» әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету жобасы аясында іске асты.



## ДЖАЗ ТОПТАРЫ ЖИНАЛДЫ

Астананың 25 жылдығы аясында елордада Astana Jazz Fest фестивалі өтті. Әлемнің 9 мемлекетінен 12 джаз тобы екі күн бойы өнер көрсетті.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, АҚШ, Нидерланды, Венгрия, Италия, Франция, Израиль елдерінің топтарының арасында «Almaty Youth Jazz Band» аталатын қазақстандық балалар джаз оркестрі де болды. Жалпы елордаға жиналған джаз топтарының денін әлем мойындады. Атап айтқанда,

АҚШ музыка мамандары жоғары бағалаған «Salt Peanuts» квинтеті (Қырғызстан), Орталық Азия мен Еуропада танымал «Авесто» этно-джаз тобы (Тәжікстан), белгілі италиялық аккордеоншы Винченцо Аббращианте, танымал музыкант Denise King (АҚШ) өнерлерін Астана мерейтойына арнады.